

**"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 17 қаңтардағы № 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 18 қаңтарда № 33917 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2024 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21858 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 64) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 64) тармақшасына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) және

(немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру тәртібін айқындайды.

9-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тарифтерді әзірлеу және қайта қарау жоспарланған медициналық көрсетілетін қызметтердің үлес салмағы көпбейінді денсаулық сақтау ұйымдары үшін он пайыздан төмен болмауы, ал мамандандырылған денсаулық сақтау субъектілері үшін елу пайыздан төмен болмауы.

Денсаулық сақтау субъектісі осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген кемінде екі өлшемшарт болған кезде референтті болып есептеледі."

13-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды (оның ішінде реагенттерді) тұтыну туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс органы мынадай формула бойынша репрезентативтілікті қамтамасыз ету үшін шығарылған пациенттердің стационарлық науқастың медициналық карталарының көшірмелерін іріктеуді жүзеге асырады:

$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum (x - \bar{x})^2}{n}}, \text{ мұндағы:}$$

$\sigma$

– стандарттық ауытқу;

$x$

– бас жиынтықтан әрбір жағдайдың болу ұзақтығы;

$\bar{x}$

– бас жиынтықтың болуының орташа ұзақтығы;

$n$

– жағдайлар саны.

Аурулар тарихының тізімін қалыптастыру аурудың қайта қаралатын түрі бойынша жүзеге асырылады.

Алдын ала іріктеу әрбір денсаулық сақтау субъектісіндегі бас жиынтықтан мынадай өлшемшарттар бойынша қалыптастырылады:

1) тәуліктік стационар түрі;

2) жынысы көрсетілмеген немесе белгісіз жағдайлар алып тасталады;

3) кез келген жағдайдың төсек күні +2 сенімгерлік интервал шегінде болады, яғни +95.5 % жағдай.

АХЖ-9 және АХЖ-10 әрбір коды үшін қорытынды стратификацияланған іріктеме алдын ала іріктеуден қалыптастырылады және әрбір денсаулық сақтау субъектінде осы іріктеменің 30-50 %-ын құрайды (жылына кемінде 30 жағдай және 120 жағдайдан аспайды);

Тарификаторды әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін:

1) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес "Медициналық көрсетілетін қызметтер құнының калькуляциясы" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес "Жүкқұжаттар шығыстарын есептеуге арналған денсаулық сақтау субъектісі шығыстарының құрылымы" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан.

МЭТ әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін:

1) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес "Бір емделіп шыққан жағдайға арналған МЭТ есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес "Медицина персоналының жалақысы бойынша шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

3) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес "Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан ;

4) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес "Пациенттерді тамақтандыруға жұмсалатын шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

5) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес "Медициналық қызметтерге жұмсалатын шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

6) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес "Жүкқұжаттар шығыстарын есептеуге арналған денсаулық сақтау субъектісі шығыстарының құрылымы" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан.

Тарифті әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін бір төсек-күні үшін осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес "Кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі және төсек-күндер саны бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан ұсынылады.

Есептік орташа құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифті әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес "Қаржыландыру көлемі және кезекті жоспарлы кезеңге есептік орташа құны бойынша емделіп шығу жағдайларының саны бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан ұсынылады.

Медициналық авиацияның көлік қызметтеріне тарифті әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін авиациялық көлік қызметтерін көрсететін қызметтер берушілердің баға ұсыныстары (кемінде 3 баға ұсынысы) ұсынылады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жұмыс органы тарифтерді есептеу және модельдеу алдында алынған ақпаратқа олардың медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына және клиникалық хаттамаларға сәйкестігі және ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде дәрілік заттың немесе медициналық мақсаттағы бұйымның саудалық атауына немесе дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық мақсаттағы бұйымның техникалық сипаттамасына арналған шекті бағаларына сәйкестігі нысанына талдау жасайды.

Дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға және медициналық мақсаттағы бұйымдардың шығыс материалдарына шекті бағалар болмаған кезде қолданылатын бағаларды негіздейтін құжаттар (шарттардың көшірмелері және (немесе) ) әрбір дәрілік зат, медициналық мақсаттағы бұйым және медициналық мақсаттағы бұйымдардың шығыс материалы бойынша кемінде үш прайс-парақ) пайдаланылады.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Тарифтерді пилоттық тестілеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) тарифтерді пилоттық тестілеу рәсімдерін тиісінше іске асыруды қамтамасыз ету үшін жұмыс тобын құру;

2) ақпараттандыру субъектілерінің денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін әзірлеуі;

3) денсаулық сақтау субъектілерінің тарифтерді пилоттық тестілеуді өткізу үшін деректерді денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне енгізу;

4) жұмыс органының денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінен алынған деректерге талдауды жүргізу;

5) тарифтерді пилоттық тестілеу нәтижелері бойынша жұмыс органдарының есебін қалыптастыру.";

35-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1. Уәкілетті орган Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесінің 4-тармағында көзделген девальвация, инфляция, сондай-ақ медициналық көрсетілетін қызметтер мен кешенді медициналық қызметтерді көрсету үшін шығыстарын өтеуді ескере отырып, республикалық бюджетті нақтылаумен байланысты қолданыстағы тарифтерді қайта қарау туралы шешім қабылдаған кезде жұмыс органы қолданыстағы тарифтерді қайта қарауды жүргізеді.".

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Уәкілетті орган денсаулық сақтау субъектінің өтінішін қарайды және "Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі" Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген мерзімде қабылданған шешім туралы хабарлайды.";

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларына 1, 4, 10, 11, 12, 13, 15, 18, 19, 20-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларға сәйкес жазылсын;

осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларына 21-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшамен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерге арналған тарифтер ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметке байланысты:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі), "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1193 қаулысымен белгіленген нормативтер бойынша, жұмыскерлерге қосымша ақшалай төлемдер және денсаулық сақтау жүйесінің медицина жұмыскерлерінің жалақысын арттыруды қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілері жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әлеуметтік салықты қоса алғанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған аударымдар және (немесе) жарналар;

3) клиникалық хаттамаларға және тиісті жылға арналған бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесіне сәйкес дәрілік заттар мен

медициналық мақсаттағы бұйымдарды, шығыс материалдарын, сондай-ақ дәрі қобдишалар, арнайы емдік өнімдерді сатып алу (қамтамасыз ету);

4) "Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 128 қаулысына сәйкес пациенттерді тамақтандыру және жұмсақ мүкәммалмен жарақтандыру;

5) Еңбек кодексіне сәйкес кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

6) коммуналдық қызметтерге: жылуға, электр қуатына, ыстық және суық суға ақы төлеу;

7) өзге шығыстарды, оның ішінде "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 44) тармақшасына сәйкес интернетті қоса алғанда байланыс қызметтері, іссапар шығыстары, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, үй-жайды жалға алу, кеңсе және шаруашылық тауарларын, жанар-жағармай материалдарын, басқа тауарлар мен қызметтерді сатып алу (қамтамасыз ету), медициналық техникаға сервистік қызмет көрсету, банк қызметтеріне ақы төлеу;

8) негізгі құралдарды жаңарту шығындарын қамтиды.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру кезінде рентабельділік және пайда қосылмайды.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыру Қағидалардың 5-тармағының 1-тармақшасына сәйкес бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жыл сайын кезенділікпен жүзеге асырылады.

Тарифтерді қалыптастыру кезінде ақпарат көздері Қағидалармен бекітілген нысандар, денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінің деректері және басқа да көздер болып табылады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді Кодекстің 7-бабының 65) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Амбулаториялық жағдайларда медициналық көмекке тарифтерді есептеу:

осы Әдістеменің 6-16-тармақтарына сәйкес интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық көмектің, шақырулардың жеделдігінің 4-санатына қызмет көрсету үшін бекітілген халыққа қолжетімділікті, кезек күттірмейтін медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін МСАК көрсету, МСАК субъектілерін ірілендіру үшін;

осы Әдістеменің 17-18-тармақтарына сәйкес медициналық қызмет көрсеткені үшін;

осы Әдістеменің 19-20-тармақтарына сәйкес жылжымалы медициналық кешен (бұдан әрі – ЖМК) қызметтерін көрсеткені үшін жүзеге асырылады";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Айына МСАК субъектісіне БХТ-да тіркелген бекітілген бір адамға МСАК КЖН кепілдік берілген компонентінің есебі түзету коэффициенттерін ескере отырып, кешенді формула бойынша жүзеге асырылады:

$KЖН_{кеп.МСАК} = KЖН_{баз.МСАК} \times ЖЖТКМСАК + KЖН_{баз.МСАК} \times (Каудан\ тығыз. - 1) + KЖН_{баз.МСАК} \times (К\ жылыту\ аудан - 1) + KЖН_{баз.МСАК} \times (Кэколог. - 1) + KЖН_{баз.МСАК} \times (Кауыл\ обл. - 1) + KЖН_{баз.МСАК} \times (КНҚ.\ жаңарту - 1)$ , мұндағы:

$KЖН_{баз.МСАК}$  – "БХТ" АЖ-да тіркелген, бекітілген бір адамға айына түзету коэффициенттерін ескерусіз айқындалған МСАК субъектілері үшін алдағы қаржы жылына арналған МСАК базалық кешенді жан басына шаққандағы нормативі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$KЖН_{баз. МСАК} = \frac{KЖН_{кеп.МСАК(қр)}}{ЖЖТК_{қр} + (K_{қр\ тығыз} - 1) + (K_{қр\ жылыту} - 1) + (K_{қр\ ауыл} - 1)}, \text{ мұндағы}$$

$KЖН_{кеп. МСАК} (қр)$  – экологиялық апат аймақтарында үстемеақы төлеуге арналған қаражатты есепке алмағанда, алдағы қаржы жылына Қазақстан Республикасы бойынша айына бір тұрғынға арналған МСАК кешенді жан басына шаққандағы нормативінің орташа кепілдік берілген компоненті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$KЖН_{кеп. МСАК} (қр) = (VM_{САК} (қр) - V_{жн\ кр} - V_{экол\ кр}) / C_{қр} / m$ , мұндағы:

$VM_{САК} (қр)$  – халыққа МСАК көрсету үшін Қазақстан Республикасы бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

$V_{жн\ кр}$  – республика бойынша КЖНЫК-қа республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың жылдық көлемі;

$V_{экол\ кр}$  – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын облыстар үшін экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

$C_{қр}$  – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

$m$  – МСАК-ті қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны;

$ЖЖКҚР$  – Қазақстан Республикасы халқының жыныстық-жастық құрылымы бойынша "БХТ" АЖ деректерінің негізінде есептелген Қазақстан Республикасы деңгейінде халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$ЖЖКҚР = (ЖЖКобл\ 1 + ЖЖКобл\ 2 + \dots + ЖЖКобл\ i) / n$ , мұндағы

n – өңірлер саны

ЖЖКобл - өңір бойынша халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$ЖЖКобл = S (Собл\ k/n \times ЖЖКМСАК (n)) / Собл$ , мұндағы:

Собл – "БХТ" АЖ тіркелген өңірдің бекітілген халқының саны;

Собл k/n – "БХТ" АЖ тіркелген өңірдің бекітілген халқының саны жыныстық-жас тобына жататын халықтың k нөмірі n;

ЖЖКМСАК(n) – осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес жыныстық-жастық топтың жыныстық-жастық түзету коэффициенті n нөмірі;

МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны және халықтың жыныстық-жастық құрамы алдағы қаржы жылына арналған МСАК көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылатын халықты еркін бекіту науқанының нәтижелері бойынша немесе айдың соңғы күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" базасынан халық бойынша деректер негізінде айқындалады.

Ктығыз.қр – Қазақстан Республикасы бойынша халық тығыздығының орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Ктығыз.қр = (Каудан\ тығыз.\ 1 * Саудан\ 1 + Каудан\ тығыз.\ 2 * Саудан\ 2 + \dots + Каудан\ тығыз.\ i * Саудан\ i) / n$ , мұндағы:

n – өңірлер саны

Каудан тығыз. – осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Ктығыз.аудан = 1 + C \times Кқр.тығыз. / T$  аудан халқ., мұндағы:

C - республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда, аудандардың, қалалардың халық тығыздығының аудандар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда қалалар халқының санынан ауытқуы ескерілетін салмақ (Пирсонның сызықтық корреляция коэффициентін есептеу);

Тығыз.ҚР - Қазақстан Республикасы бойынша халықтың орташа тығыздығы, ол мына формула бойынша айқындалады:

$Тығыз.ҚР = Сқр / Sқр$ , мұндағы:

Sқр – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Sқр – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес ҚР аумағының ауданы;

Тығыз.аудан халқ. – аудан, қала тұрғындарының тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады



Тығыз. аудан халқ.=Саудан / Саудан, мұндағы:

Саудан - халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, тиісті ауданның, қаланың МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Саудан – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес тиісті ауданның, қаланың аумағының ауданы.

Аудандар мен ауылдық елді мекендердегі халық тығыздығының коэффициенті 2 (екіден) артық есептелген кезде, тығыздық коэффициенті 2-ге тең.

Моноқалаларда және шағын қалаларда халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін тығыздық коэффициенті 1,5-ға (бір жарым) тең.

Қала халқына қызмет көрсететін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыс орталықтарының МСАК субъектілері үшін халық тығыздығының коэффициенті 1-ге (бірлікке) тең.

КҚР ауыл - Қазақстан Республикасы бойынша ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алудың орташа коэффициенті, ол мына формула бойынша айқындалады:

Кауыл ҚР = (Кауыл обл. 1 \*Собл.1 + Кауыл обл.2\* Собл.2 + ... + Кауыл i\* Собл.i) / n , мұндағы:

n – өңірлер саны

Кауыл обл. – облыстар үшін ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кауыл обл. i = 1+0,25 x (Сауыл/ Собл.i x ШҰауыл), мұндағы:

ШҰауыл – ауыл субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлемінде лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеуге шығындар үлесі;

Сауыл – осы аудан немесе ауыл бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген МСАК көрсететін ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны (бұдан әрі – ауыл субъектісіне бекітілген халық саны).

Собл. – "БХТ" АЖ-да тіркелген өңірдің бекітілген халық саны.

Қала және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК денсаулық сақтау субъектілері үшін ауылдық жердегі жұмысы үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті ауыл халқының санына ғана қолданылады, қала халқы үшін - коэффициент 1-ге (бірлікке) тең.

Түзету экологиялық коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес экологиялық апат аймақтарында және Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын қызметкерлерге қосымша ақыларды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілерімен көзделеді.

Кэколог. = (Vмсак + Vэкол.)/ Vмсак

Үмсақ - медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

Үэкол. - Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.

КжылытуҚР - Қазақстан Республикасы бойынша жылыту маусымының ұзақтығын есепке алудың орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{жылытуҚР}} = (K_{\text{жылыту аудан.1}} * \text{Саудан 1} + K_{\text{жылыту аудан 2}} * \text{Саудан 2} + \dots + K_{\text{жылыту аудан i}} * \text{Саудан i}) / n$$
, мұндағы:

n - аудандар саны

Кжылыту аудан. - аудан, қала (оның ішінде республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен астана) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{жылыту аудан}} = 1 + \frac{Y_{\text{жылыту аудан. x}} (K_{\text{аудан}} - K_{\text{ҚР/орташа}}) / K_{\text{ҚР /орташа}}$$
, мұндағы:

Кжылыту аудан – аудан үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

Үжылыту – алдыңғы жылғы тиісті ауданда, қалада амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің деректері негізінде ағымдағы шығындардың жалпы жылдық көлемінде жылытуды жылдық көлеміне шығындардың үлесі;

Каудан. - алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалған аудан, қала (республикалық маңызы бар қала және астана) бойынша жылыту маусымының кезеңі;

КҚР/орташа - Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылыту маусымының кезеңі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{ҚР/орташа}} = (K_{\text{аудан 1}} + K_{\text{аудан 2}} + \dots + K_{\text{аудан i}}) / n$$

n – ҚР аудандарының саны;

Негізгі құралдарды жаңартуды түзету коэффициенті медициналық техниканы және санитариялық автокөлікті жаңартуға шығындарды өтеу үшін денсаулық сақтау субъектілерімен көзделеді, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{НҚ жаңарту}} = (V_{\text{мсақ}} + V_{\text{НҚ жаңарту}}) / V_{\text{мсақ}}$$

Үмсақ – медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

ҮНҚ жаңарту – негізгі құралдарды және санитариялық автокөлікті жаңартуға арналған шығындарды өтеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.";

8-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-2. МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге арналған жан басына шаққандағы норматив айына ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне бекітілген бір қала тұрғынына (астанаға, республикалық, облыстық орталықтарға) айқындалады және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$ЖН\ ірілендіру = V\ ірілендіру / С\ халқ.\ ірілендіру\ үшін / m$ , мұндағы

ЖН ірілендіру - МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге арналған жан басына шаққандағы норматив;

V ірілендіру - Халыққа МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге Қазақстан Республикасы бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

С ірілендіру үшін халқ. - ірілендіруге жататын МСАК медициналық ұйымдарында бекітілген қала халқының есептесу саны;

m-МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын бөлуді қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлар саны.

Ірілендіру МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бекітілген халық саны 10 мың адамға дейінгі жаңа МСАК орталықтарын құру жолымен 30 мыңнан асатын бекітілген халық саны бар МСАК ұйымдарында (республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және қала халқына қызмет көрсететін облыс орталықтарында) жүргізіледі.

Бір бекітілген тұрғынға (астана, республикалық, облыстық орталықтарының, қалалары) МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге түзету коэффициенттері ескеріле отырып, айына ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне жан басына шаққандағы нормативтің есебі мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$ЖН\ ірілендіру\ обл.\ i = ЖН\ ірілендіру\ x\ К\ жтк.\ қала\ i + ЖН\ ірілендіру\ x\ (К\ тығыз.\ аудан\ i - 1) + ЖН\ ірілендіру\ x\ (К\ жылыту\ аудан\ i - 1) + ЖН\ ірілендіру\ x\ (К\ эколог.\ обл.\ i - 1)$ , мұндағы:

Ктығыз.аудан - осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$К\ тығыз.\ аудан = 1 + C\ x\ Тығыз.\ ҚР / Тығыз.\ халқ\ аудан$ , мұндағы:

C - республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда, аудандардың, қалалардың халық тығыздығының санынан республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда аудандар, қалалар халқының санынан ауытқуы ескерілетін салмақ (Пирсонның сызықтық корреляция коэффициентін есептеу);

Тығыз.кр - Қазақстан Республикасы бойынша орташа халық тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Тығыз.\ кр = С\ қр / S\ қр$ , мұндағы

S<sub>қр</sub> – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы

бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Сқр - ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес ҚР аумағының ауданы;

Тығыз халқ. аудан - аудан, қала халқының тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады.

Тығыз халқ. аудан = Саудан/Саудан, мұндағы:

Саудан - халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, тиісті ауданның, қаланың МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Саудан - ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес тиісті аудан, қала аумағының ауданы;

Аудандар мен ауылдық елді мекендердегі халық тығыздығының коэффициенті 2 (екіден) артық есептелген кезде, тығыздық коэффициенті 2-ге тең.

Моноқалаларда және шағын қалаларда халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін тығыздық коэффициенті 1,5 (бір жарым) тең.

Қала халқына қызмет көрсететін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыс орталықтарының МСАК субъектілері үшін халық тығыздығының коэффициенті 1 (бірлікке) тең.

Кжылыту аудан - аудан, қала (оның ішінде республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен астана) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кжылыту аудан =  $1 + \text{Ұжылыту} \times (\text{Таудан} - \text{ТҚР/орта.}) / \text{ТҚР/орта.}$ , мұндағы:

Кжылыту аудан – аудан үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

Ұжылыту – алдыңғы жылға тиісті ауданда, қалада амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің деректері негізінде ағымдағы шығындарының жалпы жылдық көлеміндегі жылытудың жылдық көлемінің шығындарының үлесі;

Таудан - алдыңғы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде айқындалған аудан, қала (республикалық маңызы бар қалалар және астана) бойынша жылыту маусымының кезеңі;

КҚР/орта. - Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылу маусымының кезеңі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$\text{КҚР/орта.} = (\text{Таудан } 1 + \text{Таудан } 2 + \dots + \text{Таудан } i) / n$

n - ҚР аудандарының саны

Түзету экологиялық коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес экологиялық апат аймақтарында және Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын қызметкерлерге қосымша ақыларды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілерімен көзделеді.

$$K_{\text{эколог.}} i = (V_{\text{мсак}} + V_{\text{экол.}}) / V_{\text{мсак}}$$

$V_{\text{мсак}}$  - медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге қаржыландыру көлемі;

$V_{\text{экол.}}$  - Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын экологиялық апат аймақтарындағы жұмыс үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.

Қала және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін ауылдық жерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті ауыл халқының санына ғана қолданылады, қала халқы үшін - коэффициент 1 (бірлікке) тең.

$JЖК_{\text{қала}} i$  - өңір бойынша ауыл халқының медициналық қызметтерді тұтынуының жыныстық-жасына байланысты түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$JЖК_{\text{қала}} i = S (C_{\text{қала}} k/n \times JЖК_{\text{МСАК}}(n)) / C_{\text{қала}}, \text{ мұндағы:}$$

$C_{\text{қала}}$  – "БХТ" АЖ-да өңірдің тіркелген қала халқының саны;

$C_{\text{қала}} k/n$  – "БХТ" АЖ тіркелген өңірдің бекітілген қала халқының саны жыныстық жас тобына жататын халықтың  $k$  нөмірі  $n$  нөмірі;

$JЖК_{\text{МСАК}}(n)$  - МСАК кешенді жан басына шаққандағы нормативінің кепілдік берілген компонентін есептеудің кешенді формуласына кестеге сәйкес  $n$  нөмірі жыныстық жас тобының жыныстық-жас түзету коэффициенті;

МСАК субъектісіне бекітілген халық саны мен халықтың жыныстық-жас құрамы халықтың еркін бекіту науқанының нәтижелері бойынша немесе алдағы қаржы жылына МСАК көрсетуге қаржыландыру көлемін есептеу немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылатын айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша "БХТ" АЖ базасынан халық бойынша деректер негізінде айқындалады.

Ірілендіру бекітілген халық саны 10 мың адамға дейін жаңа МСАК орталықтарын құру жолымен бекітілген халық саны 30 мыңнан асатын МСАК ұйымдарында (астанада, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда, қала халқына қызмет көрсететін) МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жүргізіледі";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Айына МСАК субъектісіне "БХТ" АЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға кезек күттірмейтін көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативті (бұдан әрі – КК) есептеу кешенді формула бойынша жүзеге асырылады:

$ЖН_{кепіл.КК} = ЖН_{баз.ҚРКК} \times ККЖЖТ + ЖН_{нбаз.ҚРКК} \times (К_{тығыздығы\ аудан} - 1) + ЖН_{баз. ҚРКК} \times (К_{жылыту\ аудан} - 1) + ЖН_{баз.ҚРКК} \times (К_{ауыл\ обл.} - 1) + ЖН_{баз.ҚРКК} \times (К_{эколог} - 1) + ЖН_{баз. ҚРКК} \times (К_{нқ\ жаңарту} - 1)$ , мұндағы:

ЖН<sub>баз.ККҚР</sub> мынадай формула бойынша есептелетін, Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай болып табылатын түзету коэффициенттері ескерілмей айқындалған, бір айға "БХТ" АЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға арналған КК базалық жан басына шаққандағы норматив:

$ЖН_{баз.ККҚР} = ЖН_{орт.ККҚР} / (ЖЖКҚР + (К_{тығыз.ҚР} - 1) + (К_{жылытуҚР} - 1) + (К_{ауылҚР} - 1))$ , мұндағы:

ЖН<sub>орт. ККҚР</sub> – алдағы қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы бойынша айына бір тұрғынға КК көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативтің орташа компоненті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$ЖН_{орт. ККҚР} = (V_{ККҚР} - V_{экологҚР}) / СҚР / m$ , мұндағы:

V<sub>ККҚР</sub> - халыққа КК көрсетуге арналған Қазақстан Республикасы бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

V<sub>экол\_қр</sub> – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.

СҚР – халықты еркін бекіту науқанының нәтижелері бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген елдің КК көрсету жөніндегі барлық денсаулық сақтау субъектілеріне бекітілген халық саны;

m – КК қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны.

ЖЖКҚР – Қазақстан Республикасы халқының жыныстық-жастық құрылымы бойынша "БХТ" АЖ деректерінің негізінде есептелген Қазақстан Республикасы деңгейінде халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$ЖЖКҚР = (ЖЖК_{обл. 1} + ЖЖК_{обл. 2} + \dots + ЖЖК_{обл. i}) / n$ , мұндағы:

n - өңірлер саны

ЖЖК<sub>обл</sub> - өңір бойынша халықтың медициналық қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$ЖЖК_{обл} = S (Собл. k/n \times ЖЖК_{мсақ}(n)) / Собл.$ , мұндағы:

Собл – "БХТ" АЖ тіркелген өңірдің бекітілген халық саны;

Собл k/n – "БХТ" АЖ тіркелген өңірдің бекітілген халық саны жыныстық-жас тобына жататын халықтың k нөмірі n;

ЖЖК<sub>МСАК</sub>(n) – осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес жыныстық-жастық топтың жыныстық-жастық түзету коэффициенті n нөмірі;

МСАК субъектісіне бекітілген халық саны және халықтың жыныстық-жас құрамы халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижелері бойынша немесе айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша БХТ базасынан халық бойынша деректер негізінде айқындалады, олар алдағы қаржы жылына арналған МСАК көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылады.

Ктығыз.ҚР- Қазақстан Республикасы бойынша халық тығыздығының орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Ктығыз.ҚР = (Ктығыз.аудан 1 \* Саудан 1+ К тығыз.аудан 2 \* Саудан 2+ Ктығыз.аудан і \* Саудан і)/ n, мұндағы:

n-өңірлер саны

Ктығыз.аудан – осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Ктығыз.аудан = 1 + С x Тығыз.ҚР/Тығыз.аудан, мұндағы:

С – республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда, аудандардың, қалалардың халық тығыздығының аудандар, Республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда қалалар халқының санынан ауытқуы ескерілетін салмақ ( Пирсонның сызықтық корреляция коэффициентін есептеу);

Тығыз.ҚР – Қазақстан Республикасы бойынша халықтың тығыздығы орташа, ол формула бойынша айқындалады:

Тығыз.ҚР = Сқр/ Sқр, мұндағы:

СҚР – халықты еркін бекіту науқанының нәтижелері бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген елдің КК көрсету жөніндегі барлық денсаулық сақтау субъектілеріне бекітілген халық саны;

SҚР - ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес ҚР аумағының ауданы;

Тығыз.аудан халқы = Саудан/Sаудан, мұндағы:

Саудан - халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың осы күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, тиісті ауданның, қаланың МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Sаудан – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес тиісті ауданның, қаланың аумағының ауданы;

Аудандар мен ауылдық елді мекендердегі халық тығыздығының коэффициенті 2 (екіден) артық есептелген кезде, тығыздық коэффициенті 2-ге тең.

Моноқалаларда және шағын қалаларда халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін тығыздық коэффициенті 1,5 (бір жарым) тең.

Қала халқына қызмет көрсететін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыс орталықтарының МСАК субъектілері үшін халық тығыздығының коэффициенті 1 (бірлікке) тең.

ҚҚР ауыл - Қазақстан Республикасы бойынша ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алудың орташа коэффициенті, ол мына формула бойынша айқындалады:

Кауыл ҚР = (Кауыл обл. 1 \*Собл.1 + Кауыл обл.2\* Собл.2 + ... + Кауыл і\* Собл.і) / n , мұндағы:

n – өңірлер саны

Кауыл обл. – облыстар үшін ауылдық жерлердегі жұмысы үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кауыл обл. і = 1+0,25 x (Сауыл/ Собл.і x ШҮауыл), мұндағы:

ШҮауыл – ауыл субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлемінде лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеуге шығындар үлесі;

Сауыл – осы аудан немесе ауыл бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген МСАК көрсететін ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны (бұдан әрі – ауыл субъектісіне бекітілген халық саны).

Собл. – "БХТ" АЖ-да тіркелген өңірдің бекітілген халық саны.

Қала және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК денсаулық сақтау субъектілері үшін ауылдық жерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті ауыл халқының санына ғана қолданылады, қала халқы үшін - коэффициент 1 (бірлікке) тең.

Түзету экологиялық коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес экологиялық апатты аймақтарда және Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын қызметкерлерге қосымша ақыларды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілерімен көзделеді.

Кэколог. і = (Vмсак + Vэкол.) / Vмсак

Vмсак- медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге қаржыландыру көлемі;

Vэкол. - Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.

КжылытуҚР - Қазақстан Республикасы бойынша жылыту маусымының ұзақтығын есепке алудың орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

К жылытуҚР = (Кжылыту аудан 1 \* Саудан 1+ Кжылыту аудан 2 \* Саудан 2 + ... + + Кжылыту аудан і \* Саудан і) / n, мұндағы:

n - аудандар саны



Кжылыту аудан. - аудан, қала (оның ішінде республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен астана) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кжылыту аудан=1 + Үжылыту аудан x (К аудан –КҚР/орташа)/КҚР /орташа, мұндағы:

Кжылыту аудан – аудан үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

Үжылыту – алдыңғы жылғы тиісті ауданда, қалада амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің деректері негізінде ағымдағы шығындардың жалпы жылдық көлемінде жылытуды жылдық көлеміне шығындардың үлесі;

Каудан. - алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалған аудан, қала ( республикалық маңызы бар қала және астана) бойынша жылыту маусымының кезеңі;

КҚР/орташа - Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылыту маусымының кезеңі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{КҚР/орташа} = (\text{Каудан } 1 + \text{Каудан } 2 + \dots + \text{Каудан } i) / n$$

n – ҚР аудандарының саны;

Негізгі құралдарды жаңартуды түзету коэффициенті медициналық техниканы және санитариялық автокөлікті жаңартуға шығындарды өтеу үшін денсаулық сақтау субъектілерімен көзделеді, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{КНҚ жаңарту} = (V_{\text{мсақ}} + V_{\text{НҚ жаңарту}}) / V_{\text{мсақ}}$$

V<sub>мсақ</sub> – медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

V<sub>НҚ жаңарту</sub> – негізгі құралдарды және санитариялық автокөлікті жаңартуға арналған шығындарды өтеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативке:

1) Кодекстің 91-бабы 2-тармақ 2)-10) тармақшаларда көзделген медициналық көмек ;

2) дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды және шығыс материалдарын қамтамасыз ету;

3) алып тасталсын.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығы негізінде МСАК субъектісіне бекітілген оқушыға интернат ұйымдарына жатпайтын орта білім беру

ұйымдарының білім алушыларына (мектеп оқушыларына) медициналық көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы базалық нормативтің (бұдан әрі - ММ) есебі бір айға мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$ЖНММ(ҚР) - VҚРММ / Соқушы/ m$ , мұндағы:

$ЖНММ(ҚР)$  – алдағы қаржы жылына Қазақстан Республикасы бойынша бір айға бір оқушыға ММ көрсетуге арналған жан басына шаққандағы базалық норматив;

$VММ (ҚР)$  – ММ көрсетуге арналған Қазақстан Республикасы бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

Соқушы – қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрықтары негізінде МСАК субъектісіне бекітілген, Қазақстан Республикасында ММ көрсету бойынша барлық денсаулық сақтау субъектілеріне тіркелген оқушылардың саны;

$m$  – ММ қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығының негізінде бір айға МСАК субъектісіне бір бекітілген оқушыға интернат ұйымдарына жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық көмек көрсетуге арналған түзету коэффициенттері ескерілген жан басына шаққандағы нормативтің есебі, мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$ЖНММ = ЖНММ(ҚР) \times K_{тығыз.аудан} + ЖНММ(ҚР) \times (K_{жылыту аудан} - 1) + ЖНММ(ҚР) \times (K_{эколог.} - 1) + ЖНММ(ҚР) \times (K_{жанар.НҚ} - 1)$  мұндағы:

$K_{тығыз.аудан}$  – осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

